



ҚАЗАКСТАН
РЕСПУБЛИКАСЫ

ЕЛМЕН СЫРЛАСУ

XVI ТОМ

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ АҚПАРАТ МИНИСТРЛІГІ

Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТИ

НҰРСҰЛТАН НАЗАРБАЕВ

ЕЛМЕН СЫРЛАСУ

СӨЗДЕР, СҰХБАТТАР

XVI ТОМ



KULTECIN

АСТАНА

2013

УДК 342
ББК 67.400.6
Н 86

*Қазақстан Республикасының Мәдениет жөне ақпарат министрлігі
Ақпарат жөне мұрагат комитеті "Әдебиеттің әлеуметтік маңызды түрлерін
басып шығару" бағдарламасы бойынша шығарылды*

Жобаның авторы: М. ЖОЛДАСБЕКОВ,
филология ғылымдарының докторы, профессор

Ғылыми көңесші: М. ҚАСЫМБЕКОВ,
саясат ғылымдарының докторы

Жалпы редакциясын басқарған: Е. СЫДЫҚОВ,
тарих ғылымдарының докторы, профессор

Н 86 Нұрсұлтан Назарбаев:
ЕЛМЕН СЫРЛАСУ. – Астана: «Құлтегін» баспасы, 2013.
Т. 16. – 224 б.
ISBN978-601-7318-35-2

"Елмен сырласу" – Тәуелсіз Қазақстан мемлекеттігінің негізін қалаушы, оның тұнғыш Президенті Н. Назарбаевтың халық алдындағы тарихи парызын терең сезіне билетін азаттық жауапкершілігін, тұрақтылық пен ұлтаралық татулық идеясын Қазақстан аясындаған жүзеге асырып қоймай, әлемдік деңгейге көтерген көрекендігін, әлемдік деңгейдегі қайраткерлігін айқара ашып көрсететін көп томдық шығарма.

Басылымда Н. Назарбаевтың қоғам дамуының 1998 жылдың екінші жартысындағы өнегелілікпен өрілген баяндамалары, мәлімдемелері, ақпарат құралдары әкілдеріне берген сұхбаттары, оқыған дәрістері енгізілген.

Кітап тарихшыларға, саясаттанушыларға, саясатшыларға, жоғарғы оқу орындарының оқытушылары мен студенттеріне, сондай-ақ өз елінің тарихын танып білуге зейін қойған жалпы оқырмандарға арналған.

УДК 342
ББК 67.400.6

ISBN 978-601-7318-2 Т. 16.
ISBN 9965-642-78-8 (общ.)

© «Құлтегін» баспасы, 2013

ИНТЕРВЬЮ
ПРЕЗИДЕНТА РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН Н. А. НАЗАРБАЕВА
РОССИЙСКИМ ЖУРНАЛИСТАМ*

Москва, 9 июля 1998 года



Очень приятно видеть вас в России. У меня есть много вопросов к вам. Я бы хотел, чтобы вы ответили на них.

— Попрощайтесь с Ельциным. Год — это не мало. Идеи, которые вы привнесли в Россию, это же идеи для всего мира.

— Слабы ли вы сейчас?

Быть может, я и не очень здоров, но я не стар. Судите сами: я живу лучше других и солиднее Ельцина. Я живу с женой в Казахстане и говорю на казахском языке такие слова, что в России и за рубежом вспоминают о мне в первую очередь как о человеке власти.

Мы сегодня разговаривали о том, что надо сделать для того, чтобы не быть настороженным. Согласен на то, чтобы не называть меня Ельцином или Назарбаем. Это будет работать не слишком долго, но то, чтобы рядом всегда стояли наши народы.

Что касается совместного заявления, которое мы сделали, и лидеров двух стран соглашениями между двумя президентами, то это говорит о том, что обеяя одна президентов, мы имеем отношение к будущему сотрудничеству наших двух народов.

— Вы говорите о том, что у вас есть планы по созданию единого союза из трех стран — Казахстана, России и Беларуссии.

— Да, я говорил об этом в интервью «Ленте.ру» в июле 1998 года.

Адамзат баласы ғарышқа көтөріліп, техникалық жаңа дәуір-ге есік ашып берген жаңа сапарын қазақтың қасиетті дала-сынан бастаған болатын.

Біздің болашаққа самғауымыз өлі аяқталған жоқ, жаңа ғана басталды. Қазақстанның қандай болмағы, оның әлемде қандай орын алмағы тек сіз бен бізге байланысты. Қауіп-қатер орасан. Бірақ мүмкіндігіміз одан да орасан. Біздің ісіміздің тара-зысы - тарих.

Халқымызда "Қыындыққа мойыма, ұмтыл-дағы іспен жең, мақсатсыз жан өмірде қанаты жоқ құспен тең", - деген аталы сөз бар. Сондықтан да болашақтың жолындағы осы айқаста мерейіміз үстем болу керек.

НҰРСҰЛТАН НАЗАРБАЕВ

ИНТЕРВЬЮ ПРЕЗИДЕНТА РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН Н. А. НАЗАРБАЕВА РОССИЙСКИМ ЖУРНАЛИСТАМ*

Москва, 6 июля 1998 года

Как уже сообщалось, 6 июля в Кремле прошли переговоры Президента Казахстана Нурсултана Назарбаева и Президента Российской Федерации Бориса Ельцина, в ходе которых был обсужден широкий круг вопросов двустороннего сотрудничества, а также актуальные международные проблемы.

О переговоре...

– Поручения о подготовке этих документов мы дали в декабре прошлого – январе этого года. Документы были подготовлены к официальному визиту. Но, учитывая ситуацию в России, утверждение антикризисной программы, мы с Борисом Николаевичем договорились о моем рабочем визите, поскольку эти документы – слишком важные как для России, так и для Казахстана. Я думаю, что если бы у государств, у двух народов не созрело бы такое высочайшее доверие, такое искреннее убеждение, что в будущем мы собираемся быть вместе, то такого документа, как договор о вечной дружбе и союзничестве, обращенном в XXI век, не могло бы быть. Там сказаны такие слова, что и в случае агрессии против одного из государств военную интервенцию мы встречаем вместе.

Мы сегодня решали прежде всего политические вопросы. Да, на Каспий есть нефть, да, ее можно получить. Соглашение по Каспию будет работать не на Ельцина и Назарбаева. Оно будет работать на следующие поколения, на то, чтобы регион Каспия служил на благо обоих государств, на благо двух народов.

Что касается совместного заявления, которое мы сделали, и подписанных затем соглашений между правительствами, то это говорит о том, что добрая воля президентов, наши отношения вышли совершенно на другой уровень, ориентированный на XXI век.

* Газета "Казахстанская правда", 8 июля 1998 года.

Подписание соглашений проходило во второй половине дня в Белом доме. Это были соглашения между правительством Республики Казахстан и правительством Российской Федерации "О поощрении и взаимной защите инвестиций и капиталовложений", "О регулировании процесса переселения и защите прав переселенцев", "Об условиях вывода с территории Республики Казахстан испытательного полигона в/ц 02271 войск федерального агентства правительственной связи и информации при президенте Российской Федерации на территорию Российской Федерации", "Об интеграции предприятий ядерно-топливного цикла", "О сотрудничестве и обмене информацией в области борьбы с нарушениями налогового законодательства", "О сотрудничестве в области использования космической и авиационной техники, технологии и дистанционного зондирования земли".

Подписаны также соглашения между Министерством внутренних дел РК и Министерством внутренних дел РФ "О сотрудничестве органов внутренних дел приграничных регионов", между таможенным комитетом РК и таможенным комитетом РФ "Об упрощенном порядке таможенного оформления и контроля товаров и транспортных средств, ввозимых из Российской Федерации на комплекс "Байконур" и вывозимых с комплекса "Байконур" в Российскую Федерацию". Общим же показателем конструктивности, отражающей новый дух казахстанско-российских отношений, стало подписание в этот день свыше полутора десятков двусторонних документов.

Казахстан и Россия подтвердили стратегический характер сотрудничества в нефтегазовой отрасли. Так же, как и Нурсултан Назарбаев, премьер-министр России Сергей Кириенко на встрече с журналистами в Белом доме дал высокую оценку совместным усилиям сторон по реализации проекта Каспийского трубопроводного консорциума, подтвердив настрой на скорейший переход к стадии строительства нефтепровода. Правительствам двух стран поручено обеспечить начало строительных работ в октябре этого года. Обсужден также в повестке двусторонних экономических отношений вопрос об увеличении пропускной способности нефтепровода "Атырау – Самара" и повышении квоты на транзит казахстанской нефти через нефтепроводную систему России.

О положении русскоязычного населения в Казахстане.

– Предлагаю найти вам какую-либо еще страну, в которой бы 70 процентов школ обучало детей на русском языке, в которой такие же высокие государственные должности занимали бы представители некоренной национальности и в которой 80 процентов средств массовой информации выходило бы на русском языке. При этом казахское население в республике переживает те же общие трудности, что и русскоязычное. Хочу высказать пожелание о том, чтобы СМИ прилагали больше усилий, дабы крепить отношения, вызывающие доверие народов друг к другу, а не национальную вражду.

Известно, что партнерство двух государств строится на большой договорно-правовой базе, состоящей из более чем двухсот пятидесяти документов и соглашений, которые охватывают практически все сферы деятельности. Отмечалось, что не все из этих документов работают в должной мере, затормаживая тем самым ход торгово-экономического сотрудничества. Среди стран СНГ Россия по-прежнему является самым крупным торговым партнером Казахстана. Между двумя странами установлен режим свободной торговли без изъятий и ограничений на постоянной основе. Удельный вес Российской Федерации в общем товарообороте Казахстана за 1997 год составил 38,7 процента.

Отмеченное в последнее время резкое падение объемов торговли между двумя странами продиктовало необходимость принятия действенных решений по реализации имеющегося потенциала. В частности, среди причин, сдерживавших развитие взаимной торговли, были различия в подходах сторон к формированию налоговой и таможенно-тарифной политики. В этой связи удалось наметить ряд конкретных мер по сближению позиций. Подписанное в ходе визита соглашение о взаимной защите инвестиций позволяет теперь представителям деловых кругов Казахстана и России более активно размещать свои капиталы на рынках двух стран. А скорейшее урегулирование финансово-кредитных отношений, отвечающее интересам обеих стран, может стать важным импульсом для дальнейшего развития и углубления всего спектра казахстанско-российских отношений.

В соответствии с новым уровнем отношений правительствам поручено до конца 1998 года подготовить для подписания президентами договор об углублении экономического сотрудничества между Казахстаном и Россией сроком на десять лет и соответствующую программу действий. Предусмотрено осуществить комплекс мер по их выполнению, который включает в себя развитие производственной и научно-технологической кооперации, установление прямых связей между хозяйствующими субъектами всех форм собственности, взаимодействие деловых кругов на уровне регионов.

В своем совместном заявлении Борис Ельцин и Нурсултан Назарбаев подчеркнули обоюдное стремление сторон к скорейшей и полной реализации достигнутых в рамках визита договоренностей. В нем декларируется стремление двух стран к сотрудничеству в решении проблем как региональной, так и глобальной безопасности, мирного освоения космического пространства и реформирования СНГ.

Президенты высказались также за постепенное проведение делимитации казахстанско-российской границы, подчеркивая, что она была и останется границей дружбы – не разделяющей, а соединяющей братские народы Казахстана и России.

При обсуждении международных проблем Нурсултан Назарбаев и Борис Ельцин выразили серьезную озабоченность усилением напряженнос-

ти в Южной Азии. Их общая позиция такова: Индия и Пакистан должны отказаться от проведения новых испытаний и присоединиться к Договору о нераспространении ядерного оружия. В ходе визита отмечено, что Россия поддерживает выдвинутую Казахстаном инициативу о созыве Совещания по взаимодействию и мерам доверия в Азии.

Следует отметить, что нынешний рабочий визит Президента Казахстана стал не просто удачным. Уже сейчас можно предполагать, что плодотворность его для людей двух стран очевидна.

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ПРЕЗИДЕНТІ
Н. Ә. НАЗАРБАЕВТЫҢ ЕЛ АЗАМАТТАРЫНА
ҮНДЕУІ***

Астана, 11 шілде 1998 жыл

Қымбатты отандастар!

Осыдан бірнеше ай бұрын уағда еткенімдей, Қазақстан халқына менің бүгінгі үндеуім, біздің қазіргі өміріміздегі, сірә, ең бір қауіпті құбылыс болып тұрған сыйайлас жемқорлыққа қарсы күрес мәселе сіне арналып отыр.

Өміріміздің барлық салаларына барған сайын дендеп ене бастаған сыйайлас жемқорлық еліміздің экономикалық саясаты мен даму стратегиясын бұрмалайды, мемлекеттік бюджет пен мемлекеттік меншікке тікелей не жанама түрде зиян келтіреді.

Яғни, бүгінгі күні қаражатқа аса зәру болып отырған әлеуметтік салаға да барған сайын келеңсіз ықпал жасай бастайды.

Сыйайлас жемқорлық өндірістік секторды да қатты әлсіретеді, әдетте қырсыз әрі қымқырғыш басқарушылар отырған көсіпорындарда инвестициялық ахуал нашарлап, адал инвесторлардың елімізге деген ынта-ықыласы кемиді. Соның салдарынан біздегі жұмыс орындары азаяды, әрі салық салу өрісі де тарыла түседі. Әрі біз инвесторлардың сенімінен айырыла-

мыз.

Мәселе сыйайлас жемқорлықтан келетін экономикалық шығасының үлғаюына ғана тіреліп отырған жоқ. Оның қатері әлдекайда ауқымды, әрі әлдекайда ауыр, ол қоғамның демократиялық таянышын шайқалтып, заңға, әділетке деген сенімді жояды. Әлі де жалпыадамзаттық өркениетті сипатқа ие бола қоймаған адамгершілік құндылықтарымызға жегі болып тиетін түрі де бар.

Ол, ол ма, сыйайлас жемқорлық орта қымсынбастан, қылмыстық әлеммен белсene байланыс орнатады, барлық салаларды біртіндеп өзіне қаратаип, ықпал жасайтын топтар жасақтайды, сейтіп тіпті саяси билікті қолына алу қатерін төндіреді. Мұндай кездегі оқиғалардың даму барысы әдетте осылай болып келеді.

Азиядағы дағдарыстың туындауына сыйайлас жемқорлықтың ықпалының аз болмағаны аян, онда қаражат пен кредиттер бөлісі экономикалық

* "Егemen Қазақстан" газеті, 11 шілде 1998 жыл.

тиімділік принципі тұрғысынан емес, үялас және олигархиялық топтардың қалыптасуы, экономиканың тұтас бір секторлары монополияға айналдыру мен түмшалау тұрғысында жүргізілді.

Мұның неге ұшыратқаны белгілі, ауыр қаржылық және саяси сілкіністер туғызып, халықтың қалың бұқарасы қатты күйизелді, дағдарыстың басқа елдерге көшу, өлемдік дағдарысқа ұласу қатері төнді.

Әлбетте мұның басқа елдердің алаңдаушылығын туғызбай қоймайтыны мәлім, ендігі жерде олар осы құбылысқа қарсы күресте күш біріктіріп, тиісті шаралар қолдана бастады.

Халықта арнаған соңғы Жолдауымда мен сыйбайлас жемқорлыққа қарсы өзіміздің аяусыз күрес жүргізетінімізді мәлімдеген едім. Егер де біз жеке адамның, қоғамның және мемлекеттің қауіпсіздігін қамтамасыз ете алмасқ, онда өлімізді өркендешу жөніндегі стратегиямыздың сәтсіздікке ұшырлыры сөзсіз.

Тұрасын айту керек, осыншама күш-жігер жұмсал отырғанына қарамастан, біздің құқық қорғау органдары өз міндеттерін тиісінше атқара алмай келеді. Олар жасалған қылмысты жазасыз қалдырмау жөніндегі міндетін орындаі алмай отыр. Бұл органдар қылмыстық ортаға қарағанда, өтпелі кезеңнің экономикалық және әлеуметтік жағдайларына іле бейімделе алған жоқ, сөйтіп түсін тез өзгертіп отыратын қылмысты тыятын пәрменді шаралар қолдана білмеді. Ол, ол ма, соңғы кезде қылмысқа қарсы күресуге тиіс адамдардың өздері жасаған қылмыстардың көбейіп кеткені білініп жүр.

Әлбетте жазасыздық демократияның негізгі принциптеріне қайшы келеді. Соның салдарынан көптеген адамдарымыздың санасында адал да жасампаздық еңбек тиімсіз, оның қадірі кетті дегендей ұғымның үяласынан да жасырын емес.

Әдете сыйбайластық дертіне шалдықкан қоғам Отанға деген сүйіспен-шіліктен, өз халқы үшін мақтаныш сезімінен, ұлттық дәстүрді құрметтеушлиліктен айрылады. Мұндай қоғамның имандылық тірегі босаңсып, онда өзімшілдікке ұласатын жеке бастың өсіре менмендігі үстем түседі, бәрі де, тіпті мемлекет мұддесін сатуға дейін оңай олжа табудың жолына тігіледі.

Ендігі жерде мен мемлекеттік қаржы саласын, банк жүйесін, байланыс пен телекоммуникацияларды, энергетика мен көлік саласын қатаң президенттік және қоғамдық бақылаудың аясына аламын.

Сыйбайлас жемқорлық қоғамның барлық ұстымдарына, мемлекеттің конституциялық негіздеріне қатер төндіреді, сондықтан да оған қарсы тұру – ортақ ұлттық міндет.

Бұл бағыттағы әзірлік жұмыстары аяқталып, қажетті зандық негіз қаланды. Биылғы жылдың басынан бері жаңа Қылмыстық, Қылмыстық іс жүргізу және Қылмыстық атқару кодекстері күшіне енді. Таюда "Ұлттық қауіпсіздік туралы" және "Сыйбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы" зандар қолданыла бастады. Өткен жылы құқық қорғау органдары мен арнаулы қызметтерді реформалау қолға алынды. Заның орындалуын қадағалау жөніндегі

күллі жұмысты үйлестіру Қауіпсіздік кеңесі мен оның аппаратына жүктеледі. Мен одан кімге де болсын, атақ-данқына, лауазымына, өткендегі сіңірген еңбегіне қарамастан, барынша принципшіл әрі ымырасыз болуды талап ететін боламын.

Құрметті отандастар!

Сыбайлас жемқорлық пен қылмысқа қарсы қуллі қауым болып аяусыз құрес жүргізу баршамыздың болашақ үрпақ алдындағы қасиетті борышымыз.

Құресіміздің табысты болмағы өзіне де байланысты екенін Қазақстаның әрбір азаматы түсінуге тиіс. Пара беретін адамдар да бар, сыбайластардың ұсқыны да көпке мәлім. Қылмысты сырттан бағып, үнсіз қалмайық. Көргендерініз жайында тиісті органдардың, соның ішінде Тәртіптік кеңестің назарына салыңыздар.

Мұндай міндетті атқару үшін әлбette мемлекеттің өзінің де бақылаушы әрі жазалаушы қуаты жетерлік. Бұған күмән жоқ. Дегенмен, қуллі қауым болып қолға алған істің әлдеқайда нәтижелі болары да күмән туғызбаса кепрек. Құрес оңайға түседі, тез тынады деп уәде бере алмаймын. Бәрі де біздің ерік-жігерімізге, табандылығымызға байланысты болмақ.

Мен сөзімді қуллі халықтың алдында ағайын-туғандарым, дос-жолдастарым, қызметтес серіктерім, өздеріңе арнаймын: адапттарыңыз беріңіз абырайларыңызға дақ түсірменіздер. Сіздердің әр қадамдарыңыз көвшіліктің көз алдында, әлеумет сіздерге қарап, Президент жайлы, әкімет жайлы ой түйеді.

Мен сөзімді барлық денгейдегі лауазымдылар, сіздерге арнаймын. Мемлекеттік қызметтің берілген мүмкіндік емес, жүктелген жауапкершілік екенін естен шығармаңыздар! Барша істерінізді тәртіпке келтіріңіздер.

Мен сөзімді бүкіл қоғамға, әсіресе құқық қорғау органдары, сіздерге арнаймын. Сыбайлас жемқорлықта қарсы құрес "қарайғанды қас санауға" немесе жеке бастың, иә болмаса қауымдастың қарымтасын қайыруға айналып кетпеуге тиіс. Мұндай қарекеттердің бәрі де қатаң түрде тыйып тасталуға тиіс.

Жасалған қылмыс үшін жаза тартпай кететін күн өтті. Қоғамдық тәртіптің, демократия мен әділеттіктің басты тірегі – Заң өктем тұратын күн туып келе жатыр.

ОБРАЩЕНИЕ ПРЕЗИДЕНТА РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН Н. А. НАЗАРБАЕВА К ГРАЖДАНАМ РЕСПУБЛИКИ*

Алматы, 11 июля 1998 года

Дорогие сограждане!

Как я обещал несколько месяцев назад, мое сегодняшнее обращение к народу Казахстана посвящено проблеме борьбы с коррупцией, являющейся, пожалуй, одним из опаснейших явлений сегодняшней жизни.

Коррупция все глубже проникает в различные сферы нашей жизни, искажает экономическую политику и стратегию развития страны, ведет к прямому и косвенному хищению государственного бюджета и государственной собственности. А значит, оказывает все более серьезное и негативное влияние и на социальную сферу, которая так нуждается сегодня в средствах.

Коррупция сильно ослабляет и производственный сектор, где на многих предприятиях руководит нерадивый или вороватый менеджмент, который ухудшает инвестиционный климат и закрывает дорогу в страну добросовестным инвесторам. Как следствие – мы теряем рабочие места и сужаем базу налогообложения. Но еще хуже – мы можем потерять доверие инвесторов.

Но дело не только в нарастании экономических потерь от коррупции. Она несет и более глобальные угрозы, подрывая демократические устои общества, веру в закон, в справедливость. Она подрывает и нравственные ценности, которые, еще не успев принять форму цивилизованных общечеловеческих, серьезно искажаются.

Более того, среда коррупционеров активно налаживает связи с криминальным миром и, захватывая все новые и новые сферы, начинает формировать группы влияния, угрожая захватом политической власти. Такова обычная логика развития событий.

Азиатский кризис не в последнюю очередь возник из-за коррупции, когда распределение средств и кредитов шло не по принципу экономической целесообразности, а в условиях формирования клановых и олигархических группировок, монополизации и закрытости целых секторов экономики.

* Газета "Казахстанская правда", 11 июля 1998 года.

Результат известен – жесточайшие финансовые, затем и политические потрясения, резкое обнищание основных масс населения, экспорт кризиса в другие страны с угрозой его перерастания в мировой.

Все это не может не вызывать серьезного беспокойства всех стран мира, которые в борьбе с этим явлением объединяются и принимают соответствующие меры.

В своем последнем Послании к народу я объявил, что мы начнем беспощадную борьбу с коррупцией. Стратегия развития страны будет обречена на неудачу, если мы не сможем обеспечить безопасность личности, общества и государства.

Надо прямо сказать, что правоохранительные органы, несмотря на все усилия, со своими обязанностями не справляются. Им не удалось обеспечить неотвратимость наказания за совершенные преступления. Они, в отличие от криминальной среды, не смогли адаптироваться к экономическим и социальным условиям переходного периода, принять меры, адекватные быстро меняющейся криминогенной обстановке. Более того, в последнее время отмечен рост количества преступлений, совершаемых теми, кто обязан с ними бороться.

Но безнаказанность противоречит основным принципам демократии. Ситуация складывается так, что в сознании многих наших людей зреет убежденность в непrestижности и невыгодности честного, созидательного труда.

Коррумпированное общество забывает, что такое любовь к Родине, гордость за свой народ, приверженность национальным традициям. Главным моральным кредо такого общества становится крайний индивидуализм, перерастающий в эгоизм, культ легкой наживы, ради которой продается все, в том числе и государственные интересы.

Сферу государственных финансов, банковскую систему, связь и телекоммуникации, энергетику и транспорт я поставлю под жесткий президентский и общественный контроль.

Коррупция угрожает всем устоям общества, конституционным основам государства, и поэтому противодействие ей – общенациональная задача.

Подготовительная работа в этом направлении завершена. Создана необходимая законодательная база. С начала этого года вступили в силу новые Уголовный, Уголовно-процессуальный и Уголовно-исполнительный кодексы. Недавно – законы "О национальной безопасности" и "О борьбе с коррупцией".

В прошлом году начато реформирование правоохранительных органов и специальных служб. Совету безопасности, его аппарату поручается координировать эту работу. Я требую от него занять принципиальную и бескомпромиссную позицию по отношению ко всем без исключения, несмотря на титулы, звания и прошлые заслуги.

Уважаемые соотечественники!

Во имя будущих поколений мы должны начать решительную борьбу с коррупцией и преступностью и вести ее всем обществом.

Каждый гражданин Казахстана должен понимать, что и от него зависит успех борьбы. Ведь взятки кто-то дает, и люди вообще-то знают коррупционеров. Не будьте молчаливыми наблюдателями преступлений. Сообщайте о них в соответствующие органы, в том числе в Дисциплинарный совет.

Да, у государства достаточно контролирующих и карающих функций, чтобы самому справиться с этой задачей. Верно. Но верно и то, что на этот раз важно вовлечь в этот процесс все общество.

Я не обещаю, что борьба будет быстрой и безболезненной. Многое будет зависеть от нашей воли и твердости.

Я обращаюсь перед всем народом к родственникам, друзьям, соратникам: берегите свое имя и честь. Вы всегда находитесь на виду, и по вашему поведению люди часто судят о Президенте, о власти.

Я обращаюсь к чиновникам всех уровней. Запомните, что государственная служба должна ассоциироваться с ответственностью, а не с возможностями. Наведите порядок в своих делах.

Я обращаюсь ко всему обществу и особенно к правоохранительным органам. Борьба с коррупцией не должна превратиться "в охоту на ведьм" или стать средством сведения личных или корпоративных счетов. Все эти попытки должны жестко пресекаться.

Но и время безнаказанности прошло, наступает время диктатуры Закона – главного оплота общества, порядка, демократии и справедливости.

**ПРИВЕТСТВИЕ
ПРЕЗИДЕНТА РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН Н. А. НАЗАРБАЕВА
МЭРУ МОСКВЫ, ПРЕДСЕДАТЕЛЮ ОРГАНИЗАЦИОННОГО КОМИТЕТА
ПЕРВЫХ ВСЕМИРНЫХ ЮНОШЕСКИХ ИГР ЮРИЮ ЛУЖКОВУ
ПО СЛУЧАЮ ИХ ОТКРЫТИЯ***

Алматы, 11 июля 1998 года

– Олимпийское движение современности неизменно исповедует высокую задачу пропаганды здорового образа жизни среди молодежи, благородную цель популяризации и развития спорта, непреходящий приоритет укрепления международных дружеских и спортивных связей.

Примечательно, что именно в Москве проводятся первые в истории спорта Всемирные юношеские игры. Столица России издавна известна гостеприимством и радушным приемом участников и гостей многих крупнейших международных соревнований. На московских спортивных аренах десятки раз проводились чемпионаты мира и Европы, универсиады, этапы мировых и европейских кубков. Незабываемой вехой стали XXII летние Олимпийские игры 1980 года. Нет сомнения в том, что и Всемирные юношеские игры увенчаются успехом.

Уже сейчас можно сказать, что огромные усилия правительства города Москвы, олимпийского комитета России и тысяч россиян, активно участвовавших в подготовке праздника спорта, оценены сполна и по достоинству – юность всей планеты примет участие в играх.

От имени народа Казахстана поздравляю вас с этим знаменательным событием и выражая убежденность, что участие в нем спортивной команды Казахстана явится одним из ярких проявлений истинно олимпийского духа и послужит делу укрепления дружбы между молодежью разных стран.

* Газета "Казахстанская правда", 11 июля 1998 года.

**ВЫСТУПЛЕНИЕ
ПРЕЗИДЕНТА РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН Н. А. НАЗАРБАЕВА
ВО ВРЕМЯ ПОЕЗДКИ ПО КАРАГАНДИНСКОЙ ОБЛАСТИ***

Карагандинская область, 25-26 августа 1998 года

Поездку по Карагандинской области Президент Н. Назарбаев начал с Жезказгана, побывав на предприятиях корпорации "Казахмыс".

– В 1993-1994 годах комбинат практически останавливался. Многие тогда меня не понимали: зачем я привлекаю стратегического инвестора. Мол, мы продаем кому-то предприятие. Я думаю, фабрики и заводы в государстве существуют и для того, чтобы люди работали, хорошо зарабатывали, чтобы предприятия имели прибыль и платили государству налоги. Сегодня прошло всего три года, инвестор, который получил 49 процентов акции, вложил чистый капитал в Жезказган и Балхаш в сумме 220 миллионов долларов. Он выплатил все долги энергетикам и железнодорожникам, людям – зарплату. В сумме это около 400 миллионов долларов. До конца пятилетнего срока контракта будет направлено инвестиций полмиллиарда долларов. Мог ли Казахстан или сам комбинат привлечь такой капитал? Нет. К тому же в самые лучшие годы, да и то один раз, Жезказган произвел 190 тысяч тонн меди, а в этом году даст 211 тысяч тонн. Государство получило за эти три года от Жезказгана 350 миллионов долларов в бюджет. И вперед смотрим с большой надеждой, так как Жезказган и Балхаш подтверждают правильность нашего курса на привлечение стратегических инвесторов. Много говорили о том, что нельзя иностранцам отдавать такие предприятия, что надо отдавать своим. Некоторые из наших соседей так и сделали, отдав своим финансовым группам до 70 процентов промышленности. Но реальных инвестиций у них не оказалось, предприятия эти погрязли в долгах, и теперь их надо отнимать у своих за долги. Поэтому я рад, что сегодня у корпорации "Казахмыс" есть перспективы, у людей есть вера в завтрашний день, есть работа, у людей нормальная жизнь.

Сейчас мы заканчиваем разработку промышленной программы Казахстана. В сентябре я ее должен утвердить. Мы посмотрим, какая продукция,

* Газета "Казахстанская правда", 27 августа 1998 года.

необходимая Казахстану, производится у нас, и этой продукции будут отданы приоритеты. Мы решим, что должны производить сами, что будем завозить и как поднять всю промышленность. А для "Казахмыса" сейчас важной задачей является создание вокруг себя малых и средних предприятий, на которых будут работать пенсионеры, женщины, молодежь. Такая же задача стоит и перед другими крупными комбинатами...

В заключение поездки по предприятиям корпорации Президент Н. Назарбаев ответил на вопросы журналистов:

– В нынешнем году исполняется 70 лет со дня выдачи первой карсакайской меди, я поздравляю жезказганцев с юбилеем. Я уговаривал южно-корейскую фирму "Самсунг" взять в управление "Жезказганцветмет" еще в 1993-1994 годах, в том числе во время визитов в Южную Корею. Корейцы согласились в июне 1995 года, когда комбинат уже практически был банкротом.

– Бывают ли у Вас сомнения по поводу проводимых реформ?

– Бывают, на мне лежит тяжелый крест принятия решений. Но то, что привлечение в Казахстан иностранных инвесторов оказалось делом правильным, это уже факт. Особенно наглядно это видно в Жезказгане и Балхаше. Есть хорошие успехи и у других инвесторов. Хотя бывают и случайные фирмы, которые не выполняют своих обязательств.

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ
ПРЕЗИДЕНТІ Н.Ә. НАЗАРБАЕВТЫң
ДОСТАСТЫҚ ЕЛДЕРІ ӘЙЕЛДЕРІНІҢ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ
КОНФЕРЕНЦИЯСЫНА ҚАТЫСУШЫЛАРЫН ҚҰТТЫҚТАУЫ***

Астана, 9 қыркүйек 1998 жыл

ТМД-ның басқа да елдеріндегі сияқты, Қазақстандағы әйелдер қозғалысы соңғы жылдары қоғам өміріндегі барынша белсенділігімен көзге түсіп, өзінің қызметін әйел құқығына, олардың өтпелі кезеңдегі жағдайына, кәсіпкерлік қызметке қатыстырылуына, әйел мен баланың әлеуметтік әлжуаз күйіне байланысты проблемаларға жұмылдырып отыр. Бұл жұмыс мемлекет тарапынан толық қолдау тауып келеді. Еліміздің Конституциясында әйелдерді жынысына қарай кемсітушілікке үзілді-кесілді тыйым салынған. Республикамызда әйелдердің Бүкіл дүниежүзілік IV конференциясының әйелдердің жағдайы жөніндегі іс-қимыл тұғырнамасын жүзеге асырудың үлттық жоспары әзірленген.

Ол конференцияның жұмысына Қазақстанның делегациясы да белсene қатысқан болатын.

Сонымен қатар біз түбектейлі реформалар кезеңінде әйелдердің жағдайының әлі де әлжуаз күйінде қалып келе жатқанын жақсы түсінеміз. Әйелдердің жұмыспен қамтылуына, денсаулығын сақтау мен жәбір шекпеуіне қатысты мәселелер әлі де ақырына дейін толық шешімін таптай келеді. Мұндай проблемалар Достастық елдерінің барлығына да тән болып отыр. Әлбетте, бұл мәселелерді әр мемлекет өзінше шешеді. Дегенмен осы саладағы күш-жігерді әйелдердің үйымдарына сүйене отырып үйлестірудің маңызы зор болмақ.

Конференция пайдалы практикалық ұсыныстар жасайтынына, ал оларды ойдағыдай жүзеге асырудың әйелдердің жағдайындағы көптеген өзекті мәселелерді лайықты шешуге жәрдемдесетініне көміл сенемін. Конференцияға қатысушылардың жемісті жұмыс істеуіне, бірлесе отырып, тыңғылықты әрі нәтижелі шешімдер табуына тілекtestіk білдіремін.

* "Егемен Қазақстан" газеті, 9 қыркүйек 1998 жыл.

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ
ПРЕЗИДЕНТІ Н. Ә. НАЗАРБАЕВТЫҢ
"ТРУД" ГАЗЕТИНІҢ ТІЛШІСІ О. КВЯТКОВСКИЙМЕН СҰХБАТЫ***

Астана, қыркүйек 1998 жыл

ЕЛ ӨЗ ХАЛҚЫМЕН ҚУАТТЫ

О. Квятковский:

— Нұрсұлтан Әбішұлы, біз Сізбен жаздың ми қайнатқан ыстығы басылған, бірақ көптеген адамдар саяси жағдай бұдан да ыстық болады деп болжап отырған күздің қарсаңында әнгімелесіп отырымыз. Кешегі кеңестік кезеңнен кейінгі қоғам үшін неғұрлым қекейкесті, кезек күттірмейтіндей болып көрінетін тақырыптар мен проблемалар толып жатыр.

Сіз Қазақстан Республикасының Президенті ретінде күздің қазіргі "ыстығы" кезінде сол проблемалардың қай-қайсысы неғұрлым қурделі әрі "өтемете қажет" деп білесіз?

Н. Назарбаев:

— Мемлекет басшысы ретінде мен үшін, жыл мезгілі мен ауладағы ауа райының қандай екендігіне қарамай, әрқашан ең маңызды мәселе еліміздің қауіпсіздігі мен оның азаматтарының әл-ауқат жағдайы туралы қамқорлық жасау болып келді, болып отыр, осылай бола да береді.

Бәлкім, Сіздердің оқырмандарыныңдың кейбіреулерінің менің мұныма көнілдері толмас та. Өйткені мен сіздің сұрақтарыныңға жауап ретінде "адамзатты құтқару" жөніндегі сөзуар шешендікке салынбай-ак, жер бетіндегі кәдімгі қарапайым мәселелер тәнірегіндегі өз ойымды ашықтан-ашық айтқанды артық көріп отырмын.

Менің жұмыс кестемде облыстарды апта сайын аралау көзделген. Қысқа әзірлік ойдағыдай болғанша, оған көз жеткізгенімізше Үкіметті де, әкімдері де мазалаудан жалықпаймын – тұрғын үйлерде, мектептерде және ауруханаларда жылу мен жарық болуы тиіс, көлік магистральдары мен тораптары тиісті жөндеуден өткізіліп, байланыс тұрақты болуы керек.

Әсіресе, астық жинау жұмысы қатты мазалайды. Жұырда бірнеше шаруашылықта болып қайттым, сондай-ақ Үкіметтің мәліметтерін қарап шықтым: биылғы көктемнің онша қолайлы болмағанына және бұрын-сонды кез-

* "Егемен Қазақстан" газеті, 11 қыркүйек 1998 жыл.

десслеген ыстық жазға, аңызақты қундерге қарамай, республикада дәнді дақылдар жинаудың барысы қоймаға жеткілікті мөлшерде астық құйып алуға және оның бір бөлігін сатуға шығаруға мүмкіндік береді. Міне, бұдан артық не болуы мүмкін...

Кез келген мемлекеттің қуаты – халқында. Керісінше, азаматтары заңсыздықтың зардабын тартатын, кемсіту мен қорлықта болатын, көпірме қызылсөзден құлағы сарсылатын және жартылай қайыршылық жағдайында өмір сүретін халықта, елде не қасиет болуы мүмкін?

Сондықтан да мен кешегі кеңестік кезеңнен кейінгі кеңістік тұрғысынан алғанда өзара қарым-қатынастарымыз аз да болса ықпалдастық бағытымен дамып келе жатқан кездегі реформаларды үйлестіру ісін жақтаймын.

Ал, ол үшін, "өлдім-талдым, қүйдім-жандым" деп, саяси маҳаббатқа беріліп, уақытты босқа өткізгенше (біз кешегі одақ кезінде онсыз да бір-бірімізben туысып үлгергенбіз, яғни бір-бірімізді жәргекте жатқан кезімізден жақсы білеміз), экономикамен мықтап айналысувымыз керек.

Зандарамызды бір-бірімен өзара ұштастыруға, еркін экономикалық және сауда аймақтарын құруға, ортақ аграрлық рыноктың кедендейтік одақтың болуына, өзара тығыз қарым-қатынасты банк жүйесінің орнатылуына, қосымша құн салығы мен акциздік төлемдер алушың симметриялық жүйесіне көшуге, мейлінше тиімді транзиттік тәртіп пен бірлескен коммуникациялық инфрақұрылым құруға үмтүлүсуымыз қажет.

Бір сөзбен айтқанда, адамдардың қунделікті қалыпты өмірін жеңілдеп тиімді керек. Мұның өзі бір қарағанда онай жұмыс емес. Алғашқыда осылай көрінетіні рас. Мен қарапайым адамдарға қарай, қарапайым он қадам жасау жөніндегі бастаманы тегіннен-тегін жасаған жоқпын.

Әрине, бізде көптеген проблемалар бар, реформаларды жүзеге асыруғын тәсілдері де әр түрлі. Алайда халықтарымыздың ортақ тарихи және мәдени тамырлары, рухани бірлестігі кешегі кеңестік кезеңнен кейінгі кеңбайтақ аймақтағы жалпы экономикалық кеңістікті сақтап қалудың кепілді негізі бола алады.

Қарама-қайшылықтар жеткілікті. "Көз қорқақ, қол батыр" демекші, шындалп кіріссек, оларды жоюға әбден болады. Ол үшін әр түрлі ықпалдастық жобаларды аймақтық деңгейде жүзеге асыруға "жаттығып", біз Достастықтың неғұрлым тиімді жұмыс істеуі үшін ұқсас үйлестіктер, тиімді үлгілер, консенсустар тауып, берік негіз қалай аламыз. Бұған мысалдар жетіп артылады.

О. Квятковский:

– Сіз Ресей мен Қазақстан арасындағы бүгінгі қарым-қатынастарды қалай бағалайсыз, олардың болашағы қандай?

Н. Назарбаев:

– Биылғы шілде айында біз, Б.Н. Ельцин екеуміз алдағы XXI ғасырға бағытталған Мәңгі достық және одақтастық туралы декларацияға қол қой-

ған болатынбыз. Қазақстан мен Ресейдің қарым-қатынастарында мұның өзі бұрын-соңды болып көрмеген, сапалық қасиеті күшті жаңа кезең болып табылады.

Еске салып өтейін, біздің қарым-қатынастарымыз бұған дейін Қазақстан мен Ресей арасындағы достық пен ынтымақтастық туралы келісімшартқа қол қою арқылы да реттелген болатын. Оның ТМД шенберінде осы тұргыда қабылданған көң көлемді алғашқы құжаттардың бірі болғанын атап айтқым келеді.

Біздің, Б.Н. Ельцин екеуміздің Каспий теңізінің солтүстік бөлігі тубінің ара-жігін айқындау жөніндегі Мәлімдемеміз бен Келісіміміз – стратегиялық әріптестігіміздің және бір айқын көрінісі.

Бұл мәселеге Қазақстандағы қозқарастың қандай екенін мынадай де-ректерден көруге болады. Тамыздың 14-і күні Иранның Сыртқы істер министрі К. Харрази мырзамен кездесу және келіссөз жүргізу барысында мен Каспий теңізінің тубін оның жағасындағы бес мемлекет арасында бөлісудің неғұрлым тиімді нұсқасы белгілі бір үлгіге келтірілген ортақ желі тәсілі бойынша бөлісу, яғни Қазақстанның Ресеймен жасалған келісімінің негізіне алынған принцип екендігін тағы да қуаттадым.

Шынуайтына келгенде, Назарбаев бұл мәселеде ашықтан-ашық обьективті пікірін "ресейшілдік" тұрғыдан білдіріп жүр... Бірақ бұл жөнінде, сіздердің журналист бауырларыңыздың көңілдеріне келмей-ақ қойсын, Ресей баспасөзі, неге екені белгісіз, жұмған аузын ашар емес.

Экономикалық мәселелердің идеологиялық мәселелерден басымдығын ескере отырып, мен Астанадағы кездесуде Кремльдің Екатерина за-лында қол қойылған Қаржы мәселелерін реттеу жөніндегі Хаттаманың нақты жалғасын күткен болар едім.

Ол Хаттама бойынша біздің екі еліміздің үкіметтеріне өзара қарыздар проблемасын тағы да қайта қарау тапсырылған болатын. Менің ойымша, кезекті прогрессе қол жетуі тиіс. Өйткені Борис Николаевич болашақта біздің бейбіт қатар өмір сүруімізді қамтамасыз ететін ынтымақтастықтың түрлері мен тәсілдерін іздестіру және табу жөнінде өз пікірін ашық айтты.

О. Квятковский:

– Сіздің президенттік өкілеттігініздің мерзімін созу туралы референдумың нағыз қызыу жүріп жатқан кезінде тәжік – ауған шекарасындағы Қазақстан батальонынан Алматыға табытқа салынған 17 мәйіт жеткізілген еді.

Оларды, бір топ жауынгерді, Пяндж арқылы жасалған тосқауылдағы моджахедтер қырып салған болатын. Сіз сонда әлгі батальонның қажеттігіне күмән келтіргендердің бәріне: "Көршінің үйі өрт-жалынына оранып жатқанда ол оттың өз үйіне жеткенін күтудің қажеті жоқ" деген едіңіз. Батальон сол орнында қалып қойды.

Енді, міне, талибтер алғаш рет жаппай жұмыла Тәжікстан шекарасына ғана емес, сонымен қатар ТМД-ның бүкіл оңтүстік шекарасына да келіп жетті.

Қазіргі мұндағы жағдайда Қазақстанның, халқының басым көпшілігі дәстүрлі мұсылмандар болып табылатын елдің қолданатын іс-әрекеті қандай болмақ?

Н. Назарбаев:

– Мен Өзбекстанның, Қырғызстанның, Тәжікстанның президенттерімен Ауғанстандағы қазіргі жағдай туралы телефон арқылы ұдайы консультациялар алсыып, сұхбаттасып отырамын. Біздің пікірлеріміз бір жерден шығуда: ол пікір Ауғанстандағы әскери оқиғалар ол елдегі қалыптасқан жағдайды Орталық Азия аймағындағы қауіпсіздікті нығайта түсу тұрғысынан егжей-тегжелі талқылауды талап етеді дегенге саяды. Біздің елдеріміздің Сыртқы істер министрлері мен Қорғаныс министрлерінің жуырда болып өткен Та什кент конференциясының қорытындылары да осындай.

Ал, нақты іс-әрекеттің қазақстандық жоспарына келетін болсақ, онда ең басты мәселе – қайғы-қасіретті көп шегіп келе жатқан сол жerde бейбітшілік орнату және осындағы, Қазақстандағы солдат аналарының алаңсыз болуын қамтамасыз ету. Бұл ретте мен әрдайым сақтық жасаушы болып табылады екенмін деп қорықпаймын. Біздің айқындаамамыз – төзімділік пен ұстамдылық. Көрші елдің көз алдында қару шошаңдату көп ақылды керек етпейді. Ондайда бір нәрсені бүлдіріп алу оп-онай.

О. Квятковский:

– Қазақстан Ресейге және басқа да бірқатар елдерге қарағанда Оңтүстік-Шығыс Азиядағы дағдарыс шарпуына өлдекайда аз мөлшерде ілікті. Ал, бұл екі ортада, кезінде Сіздің сол "жолбарыстардың" тәжірибесін мұқият зерттегеніңіз, олардың Қазақстандағы жетекші шетелдік инвесторларға айналғаны баршаға аян. "Жолбарыстар дертінің" негізгі себептері нede деп білесіз?

Міне, сол "дерттің" (оны қазірдің өзінде сөзсіз бас ию деп те атап жүр) Қазақстан "барысының" денсаулығына және Сіздің "Қазақстан – 2030" стратегиялық даму бағдарламаңызда белгіленген тағдырына тигізетін ықпалы бола ма?

Н. Назарбаев:

– Қазақстандағы жетекші шетелдік инвесторлар – Батыс елдері. Бірақ Оңтүстік-Шығыс Азиядағы дағдарыс біздің барлығымызға да жасалған ес-керту болды. Оған женіл-желлі қараша – қатерлі іс. Бірақ оны әлдебір түсін өзгертіп шыға келетін лакмус қағазы немесе қорқыныш тудыратын қарақшыға айналдыру күлкі келтіреді.

Сіз білесіз бе, мен соңғы кездे, мысал үшін айтатын болсам, өзімнің министрлерімнің қайдағы бір төніп келе жатқан дағдарыс төнірөгіндегі ұзындық кіріспе сөздерге "әуестенгенін" және "жалбарыну" рәсіміне көше бастағанын мысқылды күлкісіз қабылдай алмай жүрмін...

Кеңестік кездегі жағдайды еске алатын болсақ, мұндай сәтсіздіктер мен күйреулердің бәрін де қайдағы бір "жаулардың жасаған зұлымдығы" есебіне жатқыза салуға болатын еді. Бұл ретте Булгаков кейіпкерінің: "Басым тола былық, Борменталь..." деген сөзі еске түседі.

Міне, тап сол сияқты, Оңтүстік-Азия қаржы дағдарысының Ресейдегі қаржы, қор, енді міне, саяси дағдарысқа бірте-бірте ұласуы ең алдымен реформаларды жүзеге асыру жолдарын таңдау дағдарысы мен басқару дағдарысы, содан кейін барып барлық басқа жағдайлардың да дағдарысы болып табылады.

Ал, шын мәніне келетін болсақ, қаржы дағдарысының шарпуы өз кезінде Қазақстанға да тимей кете алмады. Бірақ, біздің бақытымызға қарай, мұның өзі жанама шарпуғана болды. Өйткені, біз, әуел бастан-ақ, "Жаман айтпай жақсы жоқ" деген болжам жасаған болатынбыз. Дегенмен де макро-экономиктеріміз біздің қаржы жүйеміз өлі де болса осал немесе дүниежүзілік жүйемен берік ықпалдаса алған жоқ, дағдарыстың шарпуы солардың салдары емес пе еken деген сияқты айтыс-тартыстан құр алақан емес.

Мениңше, мұның өзі бос сөз және ешнәрсеге түрмайтын айтыс-тартыс. Егер нақты фактілерге жүгінетін болсақ, онда біздің еліміздің экономикасының мүмкіндіктеріне деген сенімнің арта түсіп келе жатқанын көрсететін нәрсе дүниежүзінің белгілі рейтингтік агенттіктерінің Қазақстанға ұзақ мерзімді несиелік рейтингтік сенім білдіруі болып табылады.

Ал, мұның өзі Азия дағдарысының салдарынан дүниежүзілік қаржы әлемінде жаңадан пайда болып келе жатқанрыноктарға сенімсіздік танытудың жалпы жағдайында тіпті де аз нәрсе емес.

Ал, халықтың жинаған ақшасы жөніндегі Ресейде қалыптасқан, негізі бар қауіп-қатерге байланысты мәселелеге келетін болсақ, біз қазақстандықтарды еліміздегі жағдайдың толық бақылауда болып отырғандығына және ешқандай қатерлі жағдайлардың төнбейтініне көздерін жеткізе сендіріп отырмыз. Біздің қаржы жүйеміз көптен бері дербес дамып келеді және тұрақтылық пен сақтандырудың сенімді кепілдігіне ие. Біздің сыртқы сауда айналымындағы рубльдің үлесі небәрі 7 процент қана, ал, Қазақстандағы резидент еместердің мемлекеттік құнды қағаздардағы үлесі – 9 проценттен аспайды. Оның үстіне, біз үстіміздегі жылдың 1 қазанынан бастап азаматтардың зейнетақысын индекстеу мүмкіндіктерін де іздестіріп таптық. Бұл жөніндегі Жарлыққа қол қойылып та қойды.

Және бір мәселе. Былтыр Қазақстанда ақшаның құнсыздану деңгейі 11,2 процент болған еді. Өзімізді "қызықтырып отырған" белгі – 3–5 процент деңгейіне 2000 жылды толық жете аламыз деген ойдамыз.

О. Квятковский:

– Нұрсұлтан Әбішұлы, кеңестік кезеңнен кейінгі кеңістікте өмір сұру жүрттың бәріне де оңай тиіп жатқан жоқ. Бірақ ТМД-ның кез келген түкпірінде ол қындықтардың қалай дегенде де өз ерекшеліктері бар. Осы тұрғыдан алғанда Қазақстандағы жағдай қандай?

Н. Назарбаев:

– Біздің қыындықтарымыздың сипаты Қазақстанның шаруашылық кешенінің ерекшеліктеріне байланысты. Ал, ол кешен қашан да шикізат өндіруге мамандандырылып келгені белгілі. Республикада өндірістік циклдің ең соңғы буыны болып табылатын кәсіпорындар жоқ дерлік еді. Дайын өнімдерді бөлу, әдетте, бізден алыста, ит арқасы қиянда жүргізілетін. Одақтың тарап кетуіне және республикааралық, шаруашылық байланыстарының үзіліп қалуына орай ендігі жерде Қазақстанның шикізаты бұрынғыдан қажет болмай қалды. Өтпей жатқан өнімнің үйіліп қалуы салдарынан бізде шахталар, рудниктер, байыту фабрикалары тоқтай бастады. Шикізат өндірумен айналысатын көптеген адамдар жұмыссыз қалды. Сондықтан да біздің дербес дамуышыздың тоқтаусыз барысы үстінде экономика құрылымын өзгертуімізге тұра келді. Мұның өзі орасан зор қаржыны қажет етті. Ал, қаржы басқа да кезек күттірмейтін көкейкесті көптеген міндеттерді шешуге онсыз да жетпей жатқан болатын.

Шамамен тап осы схема бойынша аграрлық сектордағы жағдай да шиленісе түсті. Бізде жоғары дамыған астық өндірісі бар екені белгілі. Қазақстанның жоғары сортты қатты бидайы қашан да мол сұранысқа ие болып келді. Алайда жанар-жағармай материалдары мен ауылшаруашылық мәшинелері бағасының бірден аспандап шыға келуі, ал, олардың бәрі де республикамыздан тыс жерлерде өндірілетін бидайдың бағасын да көтеріп кетті. Тағы да әлгіндей проблема пайда болды – артық өндірілген өнімді өзін шығынға ұшырамай өткізуің мүмкін емес. Сондықтан да біз уақытша шара ретінде айырбас жасауға да бардық. Содан кейін астықтың дүниежүзілікры ногына шығуымызға тұра келді. Егер жағдайдан басқаша жолмен шығудың мүмкіндігі табылғанда, біз ТМД шенберіндегі өз өріптестерімізге астықты өзара тиімді негізде сата алған да болар едік.

Әдетте Қазақстанның қолайлы геосаяси жағдайы туралы жиі-жиі сөз болады. Мұның өзі шынында да солай. Алайда кешегі одақ кезінде орталық біздің республикамызды транзитті труба құбырларынан бөліп тастады. Мұның өзі біздің бүкіл геосаяси тұрғыдағы артықшылықтарымызды іске алғысыз дерлік жағдайға душар етті. Батыс Қазақстанда өндірілген мұнай жергілікті жерде өнделмейтін. Оны Ресейге алып кететін. Газдың да жағдайы сондай болатын – Орынборға жеткізілетін. Оның есесіне, Сібірдегі көмірсутегі өнімдері біздің Павлодарға өндеуге айдалатын. Мұның өзі ортақ коммуникациялық жүйе орнына қайдағы бір соқыр ішек сияқты магистраль деңгейінде қалып қойды. Сондықтан да, Каспий маңы аймағындағы көмірсутегінің бай көніштерін кешенді тұрдеге игеруге кірісе отырып, біз мұнай және газ құбырларын салуға сырттан қаржы тартуға және өз бюджетімізден қыруар қаржы іздел табуға мәжбүр болдық.

Ақыр соңында, Қеңес одағы ыдырағаннан кейін біздің үлесімізге қыруар экологиялық проблема мұра болып тиді. Қазір оларды Қазақстанда "уланған мұра" деп атаяу қалыптасқан. Мысалы, Семей ядролық полигонында

жасалған сынақтар оның айнала төнірегіндегі кең-байтақ аумақты тіршілік атаулыдан жүрдай етіп, құлазыған түзге айналдырыды. Байқонырдан ұшып жатқан ғарыш кемелері мен зымырандар республикамыздың бірнеше облысындағы экологиялық жағдайға келенсіз әсерін қатты тигізіп келді, әлі де тигізіп отыр. Сондықтан да біздің Парламентіміз бұл жағдайға байланысты күшті алаңдаушылық танытып, ғарыш айлағының қызметін тоқтату жөнінде мәселе қоя бастады. Оның үстіне, Ресейдің оны жалға алғаны үшін акы төлейтін ниеті де байқалмайды. Басқа да полигондардың тынымсыз жұмысы орасан зор мәлшердегі мал жайылымдары мен құнарлы егістіктерді айналымнан шығарды. Сырдария өзенінің өніріндегі ақылға қонымсыз суландыру саясаты құмды аймақтың ортасында жатқан маржандай Арап теңізінің апатқа ұшырауына душар етті.

Біздің жоғалтқан нәрселеріміздің тізімін бұдан әрі де жалғастыра беруге болады. Кезінде орталық осының барлығын да "бәріміздің игілігіміз үшін" деген ұранның жүзеге асырған еді. Ал, енді оның зардабын біздің жеке тартуымызға тұра келіп отыр. Қайтеміз, біз Семей полигонын және басқа да бірқатар обьектілерді біржола жаптық. Сырдарияның сүйн насоспен тартып алу мәлшерін қатаң түрде шектедік. Арапды құтқарудың халықаралық қорын құрдық. Ол қор қазір Арап теңізі аймағындағы табиғи тепе-тендікті қалпына келтірумен және Арап маңындағы зардал шеккен халықта әлеуметтік-экономикалық көмек көрсетумен айналысады. Басқа да бірқатар "санитарлық" шаралар жүзеге асырылды. Соның нәтижесінде жағдай белгілі бір дәрежеде жақсара түскендей болды. Бірақ республиканың экологиялық жүйесі күні бүгінге дейін техноантропогендік түрғыдан елеулі қысым көріп келеді. Атап айтатын болсақ, мұның өзі Байқоныр ғарыш айлағы мен "Капустин Яр" әскери полигондары жүйесінің қызметі салдарынан зардал шегіп отыр.

Мұндай жағдай кейбір саяси және қоғамдық қайраткерлеріміздің осы обьектілерді шүғыл түрде жабу жөнінде мәселе қоюына себеп болды.

Қазақстан өзінің мұнайы мен газын сыртқырынокқа шығару үшін тасымалдау тәсілдеріне мейлінше мұқтаж. Бұл ретте Ресей бізге өзінің таяу көршісі және одақтасы ретінде қолдау көрсете алар еді. Бұл оның өзіне де пайдалы болар еді. Бірақ біз тасымал жасаудан түсетін табыстың үлесі жөнінде келісімге қол жеткізе алмай келеміз. Ортақ кедендей одақта бола тұрсақ та тарифтер жөнінде келісім жасай алған жоқтыз. Сондықтан да біз Парсы шығанағына, Қытайға шығатын мұнай құбырларын салу мәселелерін шешіп жатырмыз. Осы мәселелер жөнінде ойлаған кезімде Ресейдің, сайып келгенде, соншалықты мол мәлшердегі қаржыдан бостан-бос айрылып қалып отырганы жаңымды жегідей жетіні рас.

О. Квятковский:

– Достастығы өмір барған сайын жалпы дүниежүзілік зандар мен ережелерге бағынып келеді. Мұның өзі экономиканың саясаттан озып бара

жатқанын, мұдде, пайда, тиімділік дегендердің өл лидерінің еркелігінен де немесе бүйрығынан да, ерік-жігерінен де құшті бола түсіп отырғандығын көрсетеді... Мұның айқын мысалын өзінің бірегей бай қоры бар, көмірсутегі шикізатын дүниежүзілік рынокқа тасымалдаудың жолдарын Қазақстанның белсенді түрде іздестіруінен де көруге болады. Ресей транзиті, Кавказ дәлізі, шығысқа қарай Қытайға тартылған және Оңтүстік-Шығысқа қарай Түркменстан мен Иранға тартылған құбырлар осының дәлелі. Бұл жерде қалай де-генде де Сіздің өзіңіз ерекше басымдық танытатын және қандай да болсын айрықша үміт күтетін жағдайлар қандай?

Н. Назарбаев:

– Жоғарыда айтып өткенімдей, мұнайды Ресей Федерациясының аумағы арқылы сыртқа шығару біз үшін неғұрлым тиімді нұсқа болып табылар еді. Әрине, бұл жерде бәрі де мұддеге байланысты екені түсінікті. Бірақ ол тек экономикалық мұддеғана емес. Қазақстан мен Ресей – ежелден бері бір-бірімен әріптес. Біз бір-бірімізben сонау Ұлы Жібек жолы бар кезден бермен қарай сауда жасасып көлдік. Осындайда "Ескі достың қадірі жаңа достан көп артық" деген мақал еріксіз еске түседі.

Алайда сол бір алыста қалған күндерден бері өмірдің өлшемі әлде-қайда көп қырлы бола түсті. Сондықтан да жауапты шешімдер қабылдау үшін шахмат ойынындағы сияқты бірнеше жүрісті алдын ала ойлау керек. Постиндустриялдық Еуропа мен дамып келе жатқан Азия елдерінде көмірсутегіге деген қажеттіліктің есү динамикасын салыстырып көрейік. Сарапшылар бұл ретте Азиярынғына бір ауыздан басымдық береді. Ол рыноктың сиымдылығы қазірдің өзінде мол болып отыр. Ал, енді 10 – 20 жылдан кейін түпсіз терең сыйымдылыққа айналады. Біз мамандар пікірімен санасуға тиістіміз бе? Сөзсіз санасуымыз тиіс! Сондықтан да мен өзіме-өзім мына-дай сұрақ қоямын: шынтуайтына келгенде, мұнай шығарушы болып табылатын Қазақстанның неліктен бір ғана мұнай құбырына тәуелді болып қалуы керек? Егер өзіміздің иелігімізде ондай екі-үш тармақ болса, біз конъюнктураны мейлінше толық түрде ескеріп отырған болған едік. Сондықтан да біз бірден бірнеше тасымал схемасын ойластыру үстіндеміз. Ал, тандау соның ішінде перспективасы ең жоғары нұсқаларға жасалатыны өзінен-өзі белгілі. Бұлай ету мәселені іскерлікпен шешу болып табылады. Бұл үшін бізге ешкімнің де кінә қоюға құқығы жоқ.

